

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 10 тамыздағы № 109-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 10 тамыздағы
№ 109-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актінің сапасына, уақтылы әзірленуіне және енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1.	"Мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты қызметтер көрсетудің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 1 тамыздағы № 350 бұйрығына толықтыру енгізу туралы	бұйрық	БҒМ	2017 жылғы қыркүйек	Б. А. Асылова

2.	мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	БҒМ	2017 жылғы қыркүйек	Б. А. Асыллова
3.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемелерін бекіту туралы	бұйрық	БҒМ	2017 жылғы қыркүйек	Б. А. Асыллова
4.	"Білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шартты және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 63 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	БҒМ	2017 жылғы қыркүйек	Б. А. Асыллова
5.	"Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	БҒМ	2017 жылғы қыркүйек	Б. А. Асыллова

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі